

Қазақ әдебиеттану Ғылымының жарқын өкілі

Сара сөздің саңлағы Серағаң – Серік Смайылұлы Қирабаев дүниеден озды. Ол өзімен бірге қазақ әдебиеттану ғылымының жарқын бір бетін тарих қойнауына аударып кеткендей болды. Абыз қария өткен ғасырдың екінші жартысында қазақ руханияты дүркін-дүркін болған қуғын-сүргіннен қалжыраған кезде «өртеңге шыққан көктей» (Т.Кәкішевтің сөзі) қаулап қазақ руханиятына келген тегеурінді ұрпақтың көшбасшысы ретінде танылып, күні кешеге дейін сол ұрпақтың рухын ұстап, сөзінен жаңылмай, қаламын қолынан түсірмей өнегелі ұзақ ғұмыр кешті.

Ұрпаққа қазақ әдебиетінің теориясы, сыны мен тарихы жөнінде жазылған ұлан-ғайыр мол мұра қалдырды. Қолына қалам ұстаған қабырғалы қалам қайраткерлерінің үлкен армиясын қалыптастырды. Өзінің ұстаздық мектебін құрып, шәкірттеріне аманат етті. Бүгінгі қазақ әдебиеттану ғылымының қатарында жүрген үлкенді-кішілі ұрпақтың

Серағаңнан дәріс тыңдамағаны, еңбектерін оқып, шуағына жылынбағаны кемде-кем.

Қазақтың Абай атындағы ұлттық педагогикалық университетінде 30 жылдан астам ұстаздық еткен жылдарындағы шәкірттерінің қатарында бізде бар едік. Сонымен қатар М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының директоры (1988-1995 жж) болып істеген жылдары іскер ұйымдастырушы, парасатты басшы болғанына да куә болдық.

Бар саналы ғұмырын ұлт әдебиеті мен мәдениетінің өркендеуіне, білім мен ғылымның дамуына, ұрпақ тәрбиесіне арнаған Серік Қирабаев тағылымы бар қазаққа үлгі-өнеге. Бақұл болыңыз ұлағатты ұстаз! Сіздің көркем мінезіңіз, қамқор көңіліңіз, тәлім-тәрбиеніз біздің жүрегімізде әрдайым сақталады.

Кенжехан МАТЫЖАНОВ,

М.О.Әуезов атындағы

Әдебиет және өнер
институтының директоры,
ҰҒА корреспондент-мүшесі